

6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ибжанова Айнур Алимбаеваның «Биологияның қаптама ондіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және КО ТР 005/2011 сәйкес жаңа ошімді стандарттау» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес орындалған:</p> <p>1 Өмір және денсаулық туралы ғылым;</p> <p>2 Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану, экология.</p> <p>Диссертация келесі мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобалар аясында орындалған:</p> <p>1. №226 «Жаңа инновацияларды ынталандыру» бюджеттік бағдарламасы шеңберіндегі КР БФМ және Дүниежүзілік қайта құру және даму банкі қаржыландырган № AAP-PHD-A-18/020P «КО ТР 005/2011 сәйкес тамақ өнімдеріне арналған биологиялық ыдырайтын қаптама материалдары технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу» жобасы бойынша;</p> <p>2. 2022-2024 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарлама BR12967830 «Тамақ өнімдері өндірісінің және экологиялық</p>

		<p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>қаптаманың тиімділігін, қауіпсіздігін, ресурс үнемдеуін арттыру мақсатында техникалық реттеу құралдарын дамыту»;</p> <p>3. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама орталығында бастамашыл тақырып бойынша есеп тапсыру нәтижесінде РНТД22РКИ007 мемлекеттік тіркеу номірі берілген «Бидай сабанынан көпфункционалды материал» атты ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелері бойынша орындалған.</p>
2. Ғылымға маңыздылығы		<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u>/қоспады, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Соңғы уақытта, әлемде экологиялық проблемалардың ушыға түсіү мұнайдан алынған синтетикалық өнімдердің көптег қолданылуы басты себептердің бірі болып табылады. Осыған байланысты, экологиялық қаупсіз өнімдерге сұраныс күрт арта түсті. Нактырақ айытсак, целлюлоза негізіндегі қағаз өнімдерін тұрмыстың әр түрлі саласында яғни, фармацевтика, электроника, мембрана, нанокомпозиттік материалдар, тамак өнеркәсібі, биопластиктер алу сияқты өндірістің әр саласына кеңінен қолданыска ие болады. Целлюлозалық талшықтарды алу үшін негізгі шикізат көзінде ағаш өнімдері көптег қолданылады. Алайда, елдегі орман секторы тапшы болғандықтан, балама шикізат көздерін қолдану ете маңызды болып табылады. Осыған байланысты, диссертациялық жұмыста бидай мен күріш сабаннан целлюлоза талшықтарын алу және оның негізінде тамак өнімдеріне арналған қаптама материалдарын әзірлеу барысы караастырылған және және нормативтік құжат стандартты әзірленген. Сонымен катар, екіншілік талшықтарды, атап айытқанда қағаз, картон, макулатура калдықтарын қайта өндеу арқылы қаптама</p>

			материалдарын әзірлеуге ингредиент ретінде қолдану барысы зерттелген. Бұл, биомассаларды тиімді пайдалану мен қайта өндіру ондірісін дамытуға ықпал етеді. Диссертациялық жұмыстың маныздылығы жана өнімнің нормативтік-техникалық құжаттамасы дайындалуында болып отыр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) орташа; 3) темен; 4) өзі жазбаган	Диссертациялық жұмысты орында барысында алынған нәтижелер мен оларды талдау және корытындылау дәрежесін, сонымен қатар, зерттеу бойынша жарияланымдарын ескере отырып, докторантты ғылыми үстанымы айқын және өз саласы бойынша белгілі бір біліктілікке ие деп бағалай отырып, өзі жазу деңгейі жогары деуге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Соңғы уақыттағы жаһандық проблемалардың ең бастысы коршаған ортандық ластануын азайту болып табылады. Аталмыш проблеманы шешудің бір ұтымды жолы – экологиялық қаупсіз, «жасыл» өнімдерді қолдану. Осылан орай, диссертациялық жұмыс ауылшаруашылық дәнді дақылдары бидай мен күріш сабанынан алынған целлюлозаға минералды толтырғыш волластонит қосу арқылы қаптама қағазының беріктігін нығайтып, қаптаманың жана түрлерін әзірлеуге және стандарттауға бағытталған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігін докторанттың зерттеу нәтижесі «Egyptian Journal of Chemistry» журналына (CiteScore- 1.9, процентиль-41% Q3 IF=1.3) шыққан мақаласы және 1) №226 «Жаңа инновацияларды ынталандыру» бюджеттік бағдарламасы шенберіндегі КР БФМ және Дүниежүзілік қайта күру және даму банкі қаржыландырған № AAP-PHD-A-18/020P «КО ТР 005/2011 сәйкес тамақ

		<p>онімдеріне арналған биологиялық ыдырайтын қаптама материалдары технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу» жобасы бойынша;</p> <p>2) 2022-2024 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы каржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарлама BR12967830 «Тамак өнімдері өндірісінің және экологиялық қаптаманың тиімділігін, қауіпсіздігін, ресурс үнемдеуін арттыру мақсатында техникалық реттеу құралдарын дамыту»;</p> <p>3) Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында бастамашыл тақырып бойынша есеп тапсыру нәтижесінде РНТД22РКИ007 мемлекеттік тіркеу номірі берілген «Бидай сабанынан көпфункционалды материал» атты ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелері бойынша орындалған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <p>1) айқындауды;</p> <p>2) жартылай айқындауды;</p> <p>3) айқындауды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен алынған нәтижелері зерттеудің тақырыбын толықтай айқындауды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты: Кеден одағының техникалық регламенті 005/2011 талаптарына сәйкес, бидай мен күріш сабанынан жасалған жаңа материалдардың қасиеттерін зерттеу негізінде биоыдырайтын қағаз қаптамаға нормативтіктехникалық құжаттаманы әзірлеу болып табылады.</p>

		Жұмыстың барлық міндеттері (зерттеу әдістерін анықтау, үлгілерді алу мен олардың қасиеттерін зерттеу) қойылған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған.	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы бір-бірімен логикалық байланысқан. Зерттеу жұмысының кіріспесі, барлық болімдері мен тараулары және қорытындысы жүйелі түрде құрылған. Жұмыста алғынған нәтижелер дәйекті турде талданып, қорытындыланған.	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қафидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Диссертациялық жұмыста докторант ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізіп, алғынған зерттеу нәтижелерін – халықаралық рейтингілі журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар нәтижелермен салыстыра отырып, және де заманау физико-химиялық зерттеу әдістерімен дәлелдей отырып, критикалық тұрғыдан талдаған. Издешінің алған нәтижелері «Egyptian Journal of Chemistry» журналына (CiteScore- 1.9, процентиль-41% Q3 IF=1.3) жарияланған.	
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында алғынған жаңа нәтижелер мен қағидаларына жататындары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаңа материалды стандарттау, яғни, бидай және күріш сабанынан, картон қалдығы мен байытылмаған волластониттен жасалған биоидырайтын қағаз материалын шикізаттан бастап, химиялық және физика-механикалық әдістер арқылы зерттеу; - суспензия сапасының көрсеткіштерін онтайландыру, суспензияның онтайлы құрылымы және технологиялық

		<p>корсеткіштері мен оңтайлы пайдалану көрсеткіштерін алу режимдерін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - алғаш рет Қазақстан Республикасы аумагында құрамында беріктілікті қамтамасыз ететін минералды қоспасы бар, сабаннан алынған целлюлоза талшықтары негізінде жасалған биоыдырайтын қасиеттері бар жаңа материал қаптамаға арналған қағаздың алынуы; - нормативтік құжат – үйым стандартының әзірленуі болып табылады.
	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) -жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа болып табылады. Алынған зерттеу нәтижелері бойынша Scopus және Web of Science базаларына кіретін нөльдік емес импакт-факторы бар халқаралық рейтинглі басылымда, атап айтқанда «Egyptian Journal of Chemistry» журналында (CiteScore- 1.9, процентиль-41% Q3 IF=1.3) 1 мақала жарияланған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер толығымен жаңа болып табылады және негізделген. Себебі, бидай мен күріш сабанынан және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байытылмаған волластониттен толықтырылған, биоыдырайтын қағаз материалын шикізаттан бастап химиялық және физика-механикалық әдістер арқылы зерттеу, суспензия құрамының тиімді концентрация көрсеткіштерін және технологиялық көрсеткіштері мен оңтайлы пайдалану көрсеткіштерін алу режимдері анықталды. Нормативтік құжат – үйым стандарты әзірленді.</p>

			Зерттеу барысында алынған өнім өзіндік құны төмен, шикізат коры қол жетімді және экологиялық қаупсіз өнім алуға жол ашады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелдемелерге негізделген. Диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары дәлдіктегі заманауи аналитикалық зерттеу қондырыларында жүргізілгендейтін, алынған нәтижелер мен қорытындылар сенімділігі еш күмән тудырмайды және логикалық тұрғыдан толық дәлелдер көлтірілген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді мे? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған 4 қағида толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда толық дәлелденген. Атап айтқанда: 1. қаптама қағазын өндіруге арналған экологиялық таза биоыйдырайтын композиттер кұрамы; Корғауға ұсынылған бірінші қағида – халықаралық және отандық ғылыми журналында жарияланған және КР пайдалы модель патентінде берілген ғылыми зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Нақтырақ айтқанда, Scopus және Web of Science базасына кіретін «Egyptian Journal of Chemistry» журналына (CiteScore- 1.9, процентиль-41% Q3 IF=1.3) және №2023/0561.2 24.05.2023ж. «Способ получения целлюлозы из соломы пшеницы» КР пайдалы модельге патенті; 2. сабан негізінде жасалған қаптамаға арналған ыдырайтын қағаздың химиялық зерттеу нәтижелері; Корғауға ұсынылған екінші қағида отандық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми зерттеу нәтижелерімен

		<p>дәлелденген. Соның ішінде, ҚарМТУ «Университет еңбектері» журналының №1(82) санында жарық көрген;</p> <p>3. сабан негізінде жасалған қаптамаға арналған ыдырайтын қағаздың физикалық-механикалық зерттеу нәтижелері;</p> <p>Қорғауға ұсынылған үшінші қағида бойынша отандық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Соның ішінде, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылым жаршысы» және «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жаршысы» журналдарында жарық көрген;</p> <p>4. жаңа өнімнің нормативтік-техникалық күжаттамасы; «Unpacking Astana» кәсіпорыны бекіткен ұйым стандартымен дәлелденген.</p>
	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Қорғауға ұсынылған 4 қағидада тривиалды элементтер жоқ. Барлық қағидалардың ғылымилығы мен ғылыми-практикалық маңыздылығы жоғары. Ауылшаруашылық қалдықтары бидай мен күріш сабанынан және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байытылмаган волластониттен толықтырылған, биоыйдырайтын қағаз материалын шикізаттан бастап химиялық және физика-механикалық әдістер арқылы зерттеу, суспензия құрамының тиімді концентрация көрсеткіштерін және технологиялық көрсеткіштері мен оңтайлы пайдалану көрсеткіштерін алу режимдері анықталды. Зерттеу барысында алынған өнім өзіндік құны төмен, шикізат қоры қол жетімді және экологиялық қаупсіз өнім алуға жол ашады.</p>
	7.3 Жаңа ма?	Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар толықтай жаңа болып

	<p>1) ия; 2) жок</p>	табылады. Оған дәлел ретінде зерттеу нәтижелерінің рейтингті халықаралық журналдарда жарық көруін айтуда болады.
	<p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) <u>ортаса;</u> 3) кең</p>	<p>Ауылшаруашылық қалдықтары бидай мен күріш сабанынан және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байытылмаган волластониттен толықтырылған, биоыдырайтын қағаз материалын әзірлеу алынған өнімнің өзіндік құны төмен және экологиялық қаупсіз өнім алуға жол ашады. Сонымен қатар, Кеден одағының техникалық регламенті 005/2011 талаптарына сәйкес биоыдырайтын қағаз қаптамаға нормативтіктехникалық құжаттаманы әзірлеу мәселесін шешеді деп айтуда болады.</p> <p>Бірақ, дәл қазірге дейін ауылшаруашылық қалдықтарын және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байытылмаган волластониттен толықтырылған қаптама материалдары жоқ болғандықтан, осы мәселе төңірегінде әліде зерттеуді қажет ететін мәселелер көп болып табылады.</p>
	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок</p>	<p>Зерттеу нәтижесі бойынша 21 ғылыми-зерттеу енбектері жарияланды. Оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Scopus және Web of Science базасына кіретін 1 мақала (CiteScore- 1.9, процентиль-41% Q3 IF=1.3); - КР ФЖБМ ФЖБССКЕК 3 мақала; - КР пайдалы модельге 1 патент; - Халықаралық РСТ патентке берілген 1 өтініштің оң шешімі; - Халықаралық ғылыми-техникалық конференцияларда 6 мақала; - Оғандық ғылыми-техникалық конференцияларда 6 мақала;

			<ul style="list-style-type: none"> - Қазстанарт мекемесінің «Новости Госстандарта» журналында 1 мақала; - 1 оку құралы мен 1 үсініс жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен үсінілгандар акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Жұмыста стандартты зерттеу әдістері қолданылған және қолданылған зерттеу әдістері туралы нақты мәліметтер көltірілген.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері ықтималдық теориясы әдістерін қолдана отырып, заманауи есептеу құралдары мен компьютерлік технологияларды «Excel 2010» бағдарламасын қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Диссертация – таза эксперименттік зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыста эксперименттік дәлелдеуді кажет ететін теориялық кортындылар көltірілген.</p>

		<p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жогары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтері нақты және халқаралық рейтингілі журналдарда жарық көрген ғылыми зерттеулерге сілтеме арқылы расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер жеткілікті қолемде қамтылған, жалпы 303 дереккөз берілген. Ізденуші диссертация тақырыбы бойынша үлкен қолемде әдебиет көздерін талдаған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысы теориялық және қолданбалы эксперименттік мәнге ие. Ауылшаруашылық қалдықтары бидай мен күріш сабанынан және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байтылмаған волластониттен толықтырылған, биоыйдырайтын қағаз материалын әзірлеу алынған өнімнің езіндік құны томен және экологиялық қаупсіз өнім алуға жол ашады. Зерттеу барысында жинақталған іргелі-қолданбалы дағдыларды химиялық технология мен стандартизация және сертификация саласы бойынша зертханалық жұмыстар мен оку материалдары ретінде қолдануға болады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары. Целлюлозалық талшықтарды алу үшін негізгі шикізат көзі ретінде ағаш өнімдері көптеп қолданылады. Алайда, елдегі орман секторы тапшы болғандықтан, балама шикізат көздерін қолдану өте маңызды болып табылады. Осылан байланысты, диссертацияның жұмыста бидай мен күріш сабаннан</p>

		целлюлоза талшықтарын алу және оның негізінде тамак өнімдеріне арналған қаптама материалдарын әзірлеу барысы карастирылған. Сонымен қатар, екіншілік талшықтарды, атап айытқанда қағаз, картон, макулатура қалдықтарын кайта өңдеу арқылы қаптама материалдарын әзірлеуге ингридиент ретінде колдану барысы зерттелген. Бұл, биомассаларды тиімді пайдалану мен қайта өңдеу өндірісін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында жинақталған іргелі-колданбалы дағдыларды химиялық технология мен стандартизация және сертификация саласы бойынша зертханалық жұмыстар мен оқу материалдары ретінде колдануға болады.
	9.3 Практикалық ұсныстырап жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижелерінің негізінде практикалық ұсныстырап толыққанды жаңа болып табылады. Атап айытқанда, бидай мен күріш сабанынан және екіншілік талшықтардың шикізат көзі картон қалдығы мен байытылмаган волластониттен толықтырылған, биоыйдырайтын қағаз материалын әзірлеу алынған өнімнің өзіндік құны төмен және экологиялық қаупсіз өнім алуға жол ашады.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация сауатты, ғылыми-техникалық тілде және кәсіби техникалық стилде жазылған. Негізгі ережелер мен тұжырымдамалар толық зерттеу сипатына сай келеді. Дегенмен, тексте орфографиялық қателер кездеседі. Бірақ бұл диссертациялық жұмыстың мазмұны мен сапасына әсер етпейді.

Көріткіші: Жоғарыда айтылған ұстанымдарды негізге ала отырып, Айнур Алимбаевна Ибжанованың диссертациялық жұмысын толық аяқталған жұмыс деп есептеймін және қорғауга ұсынамын. Сонымен қатар, Қазақстан

Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті алдында Айнур Алимбаевна Ибжанова 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

техника ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті» ҚeАК
инженерлік бейіндегі зертханаасының
жетекші ғылыми қызметкери



Жемел

С.Қ. Қабдрахманова

ДҮРІС
HR қызметінің
бас менеджері
МАМАНЫ
Күні «_____» 20 _____ ж.